

## БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

## Бұрыш түрлері. Көпбұрыштар. Спорт және туризм денсаулықты нығайтады.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.04.2019

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/55865/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тақырыбы: 65-сабақ. Бұрыш түрлері. Көпбұрыштар. Спорт және туризм денсаулықты нығайтады.	Мектеп: №76 «ЖББОМ» КММ Тоқсан: II	
Күні: 12.12.2018	Мұғалімнің аты-жөні: Султанбекова Л.А	
Сынып: 2 «Г»	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқыту мақсаттары	2.3.1.1. Бұрыштардың түрлерін (тік, сүйір, доғал) ажырату және атау; тіктөртбұрыштың, шаршының, тікбұрышты үшбұрыштың маңызды ерекшеліктерін анықтау.	
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар:	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>бұрыштардың түрлері (тік, сүйір, доғал) мен фигуралардың түрлерін (тік төртбұрыш, шаршы) танып біледі.</li> </ul>	
	Көптеген оқушылар:	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>фигуралардағы бұрыштардың түрлерін танып біледі және құрайды. Бұрыштар (тік, сүйір, доғал), тіктөртбұрыштың, шаршының, тікбұрышты үшбұрыштың маңызды ерекшеліктерін ажырата алады.</li> </ul>	
Сабақтың мақсаттары	Кейбір оқушылар:	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>фигураларды түрлі белгілері бойынша жүйелейді.</li> </ul>	

Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тіктөртбұрыштың, шаршының, тікбұрышты үшбұрыштың маңыздыерекшеліктерін.</li> </ul> <p>Пәндік лексика және терминология: бұрыштардың түрлері (тік, сүйір, доғал) және фигуралардың түрлері (тіктөртбұрыш, шаршы, тікбұрышты үшбұрыш).</p>	
	<p>Диалог/жазбаша жұмысқа қажетті пайдалы фразалар топтамасы</p> <p><i>Талқылау:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тақтадағы фигураларды қандай екі топқа бөлуге болады?</li> <li>- Әр топтың фигураларына не ортақ?</li> </ul>	
Тірек білім, білік, дағдылар	<p><i>Жазу:</i></p> <p>Фигуралар мен бұрыштардың атаулары.</p>	
Жоспарланған уақыт (минут)	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Ынталандыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бүгін біз денсаулығымызға таза ауада серуендеудің қандай пайда әкелетіні туралы әңгімелесеміз.</li> <li>- Демалыс күндері отбасымен, достармен қайда баруға болады?</li> <li>- Бүгін біз тауға жорыққа шығамыз.</li> <li>- Серуенге дайындалу үшін ауызшасанаймыз.</li> <li>- Тапсырма бойынша қажетті жауапты таңдаңдар.</li> <li>1. Қай санда 7 ондық, 2 бірлік бар?</li> <li>2. 8 және 7 сандарының қосындысы. 3.16-дан 8-ді азайт.</li> <li>4. 37 санының алдында тұрған санды атаңдар.</li> <li>5. 48-ден кейін тұрған санды атаңдар.</li> <li>6. 27 және 6 сандарының айырмасы.</li> <li>7. Егер 5 ондыққа 2 ондықты қосса қанша болады?</li> <li>8. 42 санынан 5-уі артық сан қандай?</li> <li>9. Қай санның 59-дан 6-уы кем?</li> <li>- Сандарды кему, өсу ретімен қойыңдар.</li> <li>- Кему реті деген нені білдіреді?</li> <li>- Ең үлкен саннан ең кіші санға қарай.</li> </ul> <p>Оқушылар кезекпен тақтаға шығады және дұрыс жауабы бар карточканы таңдайды. <i>(Жауаптар жазылған карточкалар алдын ала тақтаға ретсіз жапсырылған және қосымша жауаптар да берілген.)</i></p> <p>- 72(Г), 15(Е), 8(О), 36(М), 49(Е), 21(Т), 70(Р), 47(И), 53(Я).</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қандай сөз шықты? (Геометрия)</li> <li>- Математиканың бұл бөлімі нені зерттейді? (Фигуралар және олардың қасиеттері)</li> </ul>	<p>Өрнектер жазылған карточкалар.</p>
----------------------	--	---------------------------------------

4-6	<p>Өзектендіру. Серуеннің бағытын нақтырақ құру үшін сызбаны зерттейміз. (Карточкадағы сурет) -Мына сызбадан қандай фигураларды көріп тұрсындар? -Үшбұрыштарды табындар. Олардың саны қанша? - Бірдей үшбұрыштарқанша? - Шаршылар қанша? Олар бірдей (тең)ме? - Мұнда басқа да фигуралар бар ма? Қандай? Барлығы қанша фигурабар? (Төртбұрыштар, үшбұрыштар.) Оқушылар тақтаға шығып, фигураларды көрсете отырып санайды.</p>	Тақтадағы фигуралары бар карточкалар.
-----	---	---------------------------------------

	<p>Мақсат қою (проблемалық жағдаят) Карточкадағы фигураларды қарауды ұсынады.  -Тақтадағы фигураларды қандай екі топқа бөлуге болады? (Бұрышты және бұрышы жоқ фигуралар.) Мұғалім бұрышы жоқ фигураларды алып қояды. -Қалған фигураларды қандай үш топқа бөлуге болады? (Үшбұрыштар, төртбұрыштар, бесбұрыштар.) - Әр топтың фигураларына не ортақ? (Бұрыштары мен қабырғаларының саны.) - Бұл фигуралардың қанша бұрышы бар? (Бесбұрыштардың -5бұрышы, төртбұрыштардың - 4 бұрышы, үшбұрыштардың - 3 бұрышы бар.)  -Қалай ойлайсындар, біздің серуеніміз қандай тақырыпқа арналады?</p>	Тақтадағы фигуралары бар карточкалар.
--	---	---------------------------------------

Сабақ ортасы	<p>Жаңаны ашу. -Бұрыш дегеніміз не?</p> <p>(Бұрыш - бұл бір нүктеден шыққан әртүрлі екі сәуледен құралған геометриялық фигура). Бұрыштың сәулелері қабырға деп аталады. Ал сәулелердің түйісетін нүктесі төбе деп аталады. Қорытынды жасаймыз: Бұрыш -бұл ...</p> <p>- Қазір әрқайсысың қағаз парағынан тік бұрыштың моделін жасайсыңдар. №2 практикалық жұмыс. Бұрышты қалай жасайтынын оқулықтан қарауға болады. <i>(Орындай алмаған оқушыларға көмек көрсетіледі.)</i></p> <p>- Өздерің жасаған тік бұрыштың моделін көрсетіңдер.</p> <p>- Суреттегідей парақты жазыңдар.</p> <p>- Бұрыштардың қабырғасын және төбесін көрсетіңдер.</p> <p>- Өз парталарыңнан тік бұрыштың моделін көрсетіңдер.</p>	Оқулық, қағазпарақ,
--------------	--	------------------------

	<p>-Қандай бұрыш екенін қалай анықтауға болады? (<i>Мұны қалай жасайтынын тақтада және сызбада көрсетеді.</i>)</p> <p>Сызбадағы үшбұрышты қарастырыңдар. Оның бір бұрышының тік екеніне көздерің жетті. Бұрыш моделінің көмегімен осы үшбұрыштың басқа бұрыштары да тік болатын, болмайтынын анықтаңдар.</p> <p>- Сендер бүктеген қағаздан неше бұрышшықты?</p> <p>Үшбұрыштың сызбасына қарауды ұсынады.</p> <p>- Тік бұрыштан кіші бұрыш қалай аталады?</p> <p>- Тік бұрыштан үлкен бұрыш қалай аталады?</p> <p>Түсіндіре отырып алғашқы бекіту.</p> <p>Оқулықтағы 1-тапсырма талқыланғаннан кейін, суретке қарау ұсынылады. (<i>Ұқсас сызба алдын ала тақтада орындалады.</i>)</p> <p>Мұғалім фигуралардың әр бұрышының түрін анықтауды, сүйір, тік, доғал бұрыштарды өз бетімен табуды ұсынады. Бұдан кейін тексерумен жұптық жасау орындалады.</p> <p>Өзіндік жұмыс.</p> <p>Мұғалім дәптердегі 1-тапсырманы орындамас бұрын бағалау критерийін оқуды ұсынады.</p> <p>Бағалау критерийі</p> <p>«Бұрыш түрлерін білемін» — бұрыштар тік, сүйір және доғал болады.</p> <p>«Бұрыш түрлерін анықтай аламын» — үшбұрышты сызғыштың көмегімен бұрыштың түрін анықтауға болады.</p> <p>«Барлық бұрышы тік көпбұрыштардың атауын білемін» — бұл тіктөртбұрыш және шаршы, тік бұрышы бар үшбұрыштар.</p> <p>Бұдан кейін оқушылар өзің-өзі бағалаумен өз бетімен жұмыс жасайды.</p> <p>Жаңаны қолдану.</p> <p>Дәптердегі 2-тапсырма - тексере отырып орындалатын өзіндік жұмыс.</p> <p>Өткенді қолдану.</p> <p>Мұғалім әрбір оқушыға арналған сараланған жұмыс ұйымдастырды (мұғалім тапсырманы таңдайды), бұл есептеуге берілген тапсырма (жылдамдыққа) мүмкін немесе үлгі бойынша тексерумен баған түрінде есептеу болуы мүмкін. Немесе есеп шығаруға берілген №3 тапсырма.</p>	<p>жинақ ПОЛОТНОСЫ.</p>
--	--	-----------------------------

Сабақтың соңы	<p>Жаңаны қолдану. Дәптердегі 2-тапсырма – тексере отырып орындалатын өзіндік жұмыс. Өткенді қолдану. Мұғалім әрбір оқушыға арналған сараланған жұмыс ұйымдастырды (мұғалім тапсырманы таңдайды), бұл есептеуге берілген тапсырма (жылдамдыққа) мүмкін немесе үлгі бойынша тексерумен баған түрінде есептеу болуы мүмкін. Немесе есеп шығаруға берілген №3 тапсырма.</p>	Оқулық. Дәптер.
---------------	--	--------------------

Сабақтың соңы	<p>Рефлексия. –Сабақтың басында өзіміздің алдымызға қандай мақсаттар қойдық? – Бұл мақсаттарға жете алдықпа? – Қиындықтар болдыма? – Оларды еңсере алдыңдарма? – Бүгінгі сабақ несімен қызықболды? Өз жұмысын жетістік сызғышының көмегімен бағалауысынылады.</p>	Жетістіктер жолағы
---------------	---	--------------------

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.